

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚТӨБЕ



ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029

КӨКТЕМІР - САПУРА МӘТЕНҚЫЗЫ



Көрген жоқ ешкім түр-түсін,
Естіртпей үнін, күлкісін,
Гайыпта жүрді күн кешіп.
Көктемір жайын білгісі
Келгендер қойса сауалын,
«Сапарда жүр, — деп, — ол кісі»

Қайырар қысқа жауабын, — деген шумақтар қолжазбада жоқ. Алайда бұл шумақтар поэмада өз орнын тауып, жымдасып кеткеніне қарағанда, ақын өзі қосқан толықтырулар екенін байқайсыз.

Әлбетте, біз поэмадағы басты кейіпкер Көктемір-Сапардың өмірде болғанына күмәніміз жоқ. Сонда да біздің ең басты мақсатымыз осы тарихты өз поэмасында ақын қалай бейнеледі, сюжет желісі қалай дамиды, тарихи тұлға образы қалай жасалады деген мәселелерді анықтау болды, — деді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Тілектес Токсанбаева.

«Көктемір» шағын жинақы поэма. Аты аңызға айналған Пугачев туралы баяндай келіп, автор оқырманды оның идеясын жалғастырушы, «Құпия» батыр Көктемірмен жақындастырады. Және де Көктемір батыр көрінбейді, оның әмірін елге жеткізер әйел бар, оның аты Сапарқұл... Аңызға айналған осы тарихи шындықты ақын көркемдік жолмен нанымды баяндап шыққанын айтар едік.

Мысалы:

«Бір аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық».
(Ы. Алтынсарин)

«Аузында жұрттың бұл есім,
Алламен бірдей аталды». (І. Мәмбетов)

Ыбырай Алтынсарин балаларды білімге шақырса, Ізтай ақынның кейіпкері бір адамның артынан еруге шақырады. Әрине, бұл классикалық үлгідегі реминисценция дей алмаймыз, дегенмен сәтті шыққан, дін арқылы халыққа ықпал етуді ойлауы тарихты, сол кезенді білетінін байқатады.

Ақын осы поэмадағы басты кейіпкер Көктемір, яғни Сапарқұлдың портретін, характердің қалыптасу, өсу жолдарын, ортамен, адамдармен, қарым-қатынасын нанымды да әсерлі бейнелеген. Поэмада Көктемір портретін эпизодтық көріністе қысқа мінездеумен, сипаттаумен берсе де оның бейнесін толық аңғаруға болады.

Мысалы:

Келіншек екен көзі өткір,
Иіні тіп-тік сымбатты.
Мінезі бардай өжет бір,
Қарасұр жүзі тым қатты.

Поэма романтикалық әуен, эпикалық сарында жазылған. Ұлттық поэзиямыздағы қазақ әйелдерінің қаһарман тұлғасын көрсететін бұл туындыны құнды шығармаларымыздың бірі деп санаймыз», — дей отырып, Тілектес Жанабегенқызы осы поэманың жазылу тарихы жайында ақын Ө.Дүйсенбиевтің Ізтай Мәмбетовпен болған бір құнды естелік-әңгімесін айтып берді. «... Ізтай марқұмның арадан кеткенінің

аз-ақ алды болатын. Бір күні екеуіміз Жазушылар үйінде кездесіп қалдық. Ол маған «Тарланбоз» атты кітабы туралы жазған мақаламды «Жұлдыздан» оқығанын, ондағы пікірлермен келісетіндігін айтты. Кенет қоштасып жүре берген мені қайта тоқтатып: — Осы Пугачев көтерілісіне қатысқан қазақ, башқұрт, татарлар көп болған деп жүрміз. Соның бірі — әлгі мен жазған «Пугачев нөкері» поэмасындағы — Кәрім. Ал енді сен сол көтеріліспен байланысты болған тағы бір топ болғанын, оны қазақ әйелі басқарғанын сен білесің бе? — деді. Мен басымды шайқадым. — Білмесен, біздің жақта ол туралы аңыз-әңгіме, елең-жырлар да көп».

Алға аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Бекжан Аппазов аталған шараның маңызына тоқталды.

Сондай-ақ шарда ақынның туған апасы Айман Елмағамбетова, ақын Нұрлыбек Қалауов, журналист Шара Елеусіз, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік институтының профессоры Өтеген Исенов ақын шығармасына қатысты және ондағы бас кейіпкер Сапура Мәтенқызы туралы өз ойларын айтты. Тарихшы И.Бітік, өлкетанушы Ж.Абдуллина, А.Сарыбай және өзге де қатысушылар ойларын ортаға салды.

«Жұлдыз-Звезда» газетінің редакторы, белгілі журналист Шара Тұрмағамбетова Ізтай Мәмбетов туралы деректерді жинақтап, жинақ шығарған. Осындай жұмыстар нәтижесінде Алғадағы Ізтай іздері жоғалмақ емес.

Кеш барысында «Сандуғаш» би тобының бишілері «Сапура - батыр қыз» биін биледі. Шара барысында Ізтай ағамыздың елге деген, ұрпаққа деген еңбегін әрдайым жоғары дәрежеде танытуға бағытталған жұмысты көрдік. Шараны ұйымдастырушы Ақшолпан Әбдіхалықова бұндай кеш алдағы уақытта да өткізілетінін айтты.

Ізтай ақынның мұраларын насихаттауда балалар кітапханасының шағын ұжымы көптеген жұмыстар атқаруда. Былтыр Алға ауданында Ізтай Мәмбетовтың 90 жылдығы атап өтізілді. Жыл сайын ақпан айында «Ізтай оқуларын» өткізеді.

№1 Алға мектеп-балабақшасының балалары «Көктемір» дастанынан үзінді қойды. Қойылымды

қатысушылар онлайн режимде тамашалады.

Жоғарыда аталған тарихтанымдық кешті өткізер алдында «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Баян Қуандыққызы мен кітапхана қызметкерлері Ізтай Мәмбетовтың апасы, 94 жастағы Айман апаймен кездесті. Апай Алға қаласында тұрады.

Олардың апаймен кездесудегі басты себебі, Ізтай ақынның дастанында Пугачев көтерілісіне қатысқан қазақтар туралы деректерді сұрау болатын. Дастанда қазақтар туралы деректер бар. Бұл туралы Баян Қуандыққызы өзінің фейсбук парақшасында былай дейді: «Еділ бойындағы Пугачев көтерілісі басыла келе Елек пен Қобда бойында тұтанған Сапура Мәтенқызының көтерілісі туралы ел ішінде қалған дерек көздерін іздегенбіз. Соның ішінде Пугачевті қорғаған қазақ жасақтары, оның ең сенімді оққағарының бірі болған Кәрім туралы деректерді Ізтай ақынның қайдан алғанын ғасырмен құрдас апайдан сұрау үшін бардық».

Ізтай Мәмбетовтің «Көктемір» поэмасы — тарихи тақырыпқа жазылған шығарма. Жоғарыда келтірілген мәліметтерден, шығарма сюжетінде кездесетін оқиғалардың тарихта болғандығын білеміз. Сондықтан ақынның «Көктемір» дастаны шын мәніндегі халықтың рухани байлығы десек, оның негізсіз еместігін жоғарыдағы дүниелері айқын көрсетіп отыр.

Алдағы уақытта да қақтың ел қорғаған қайсар қыздарының бірі Сапура Мәтенқызының батырлығын насихаттау мақсатында кештер, денгелек үстелдер, халықаралық деңгейде конференция ұйымдастырылып өткізілмек. Зерттеу жұмыстары жалғасуда.

Ел-халқының тәуелсіздігі үшін күрескен тарихи тұлға — Сапура Мәтенқызының ерлігі де, есімі де ел жадында мәңгі жасай бермек. «Көктемір» атын жамылып, күреске түскен батыр қыздың» есімін насихаттау барысындағы жасалып жатқан жұмыстар осы ойымыздың айғағы іспетті.

Сарыбай Алмагүл — Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі

Алғадағы І.Мәмбетов атындағы балалар кітапханасы ақынның «Көктемір» дастаны бойынша «Жаңғырудың жарқын жолы» тақырыбында тарихи танымдық кеш өткізді.

Ақынның дастанына тарихта «Көктемір» немесе «Көрінбейтін адам» есімімен мәлім болған қазақ қызы Сапура Мәтенқызының күрес жолындағы өмірі арқау болған.

1775 жылдың соңына қарай Кіші жүзде өзін Пугачевтің мұрагерімін деп жариялаған «Көктемір» (немесе «Көрінбейтін адам») туралы аңыз таралады. Ол үшінші Петр император қайтып оралады, сол себепті де күресті тоқтатпауымыз қажет деген үндеу тастайды. Осы мәселеге қатысты зерттеу жазған ғалым Н.Бекмаханова өзінің «Көрінбейтін адам туралы аңыз» еңбегінде бұл лақап есімнің артында Табын тайпасының өкілі Мәтеннің 22 жасар Сапар (Сапура) атты қызы тұрғандығын атап өтеді. Қарапайым халық «көрінбейтін адамды» теңдесі жоқ күштің иесі, ерекше таңғаларлық қасиеттері бар адам ретінде елестетті. Ресей тарапынан 1775 жылы жүргізілген жазалаушы жасақтар жорықтарынан жапа шеккен ру-тайпалардың жігіттері отаршыл орысқа қарсы қайтадан атқа қонып, «Көрінбейтін адамның» маңына топтасады.

«Сол дәуірде батыр қыздың даңқы патшаға дейін жетті. Халық арасында Көктемір атанған қыз соңына елді еріте білді. Табын, тама және әлім рулары батыр қыздың айналасына жиналды. Көктемірдің нұсқауымен атқа мінген Сапура Мәтенқызының әскері аз ғана уақыт ішінде екі мың адамға жетті. Таңғаларлығы сол — қазақ даласындағы айтулы батырлар да дәл Сапура Мәтенқызы сияқты қолды тез жынып, орыс бекіністеріне

шабуылды тез арада бастамаған-ды. Аз ғана уақыт ішінде Көктемірдің Қобда мен Елек аралығына орналасқан әскері Красногорск, Чернореченский, Елек қамалдарына шабуыл жасап, көптеген орыс деревняларын талқандады. Жалпы, Сапура француздың Жанна д'Аркі секілді дәріптелуі керек, — деді Мейірхан Ақдәулетұлы.

Ерлік пен батырлық — еркек кіндікті атаулының да бәрінің бірдей пешенесіне жазыла бермейтін қасиет. Сапураның жаратылысы да елден ерекше болған. Ол сол кезде ерлерді сөзіне ұйытып, соңынан ерте алды.

Ресейдің басқыншылық саясатына қарсы бағытталған «Көктемір» немесе «Көрінбейтін адам» қозғалысы Пугачев басшылығымен өткен шаруалар көтерілісінің қазақ даласындағы соңғы ұшқыны болғанымен, бұдан кейін екі ғасырға созылар қазақ ұлт-азаттық қозғалыстарының бастау көздерінің бірі, біздің бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы деп айтуға болады.

— Ізтай Мәмбетовтің тарихи тақырыпқа жазылған «Пугачев нөкері» атты поэмасымен үндес, көтерілген мәселесі де ортақ тағы бір поэмасы — «Көктемір». Ақынның бұл поэмасы алғаш рет «Жұлдыз» журналының 1971 жылғы №4 санында жарияланды. Одан кейін 1974 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жылы жел» атты кітабына енді. 1983 жылы «Ақпан» атты өлеңдер мен поэмалары жарияланады. Ізтай Мәмбетовтің «Көктемір» поэмасының жинақтағы нұсқасын да қолжазбасымен салыстырып, тексеріп қараған едік. Бұл поэмаға да автор өзгерістер енгізген, толықтырулар жасаған.

Қолжазбада жоқ бірнеше шумақтың жинақта жарық көруі біздің назарымызды өзіне аударды. Ол жолдар мыналар: